

«Жасыл даму» АҚ Директорлар
кеңесінің 2023 жылғы «04»
тамыздағы шешімімен бекітілген.
(№8/08/2023 хаттама)

**«Жасыл даму» акционерлік қоғамның қызметкерлеріне арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық**

Астана қ., 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Терминдер мен ұғымдар.....	3
3. Пара алу және пара беру.....	4
4. Сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық сатып алуға бағытталған ықтимал жағдайлар, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.....	5
5. Егер Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдасаңыз, Сіздің әрекеттеріңіз.....	6
6. Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлардағы іс-қимыл алгоритмі.....	6
7. Бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі.....	6
8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау.....	7
9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактілері туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен көмек көрсеткен тұлғаларды көтермелеу.....	7
10. Қорытынды ережелер.....	8

1. Жалпы ережелер

1.Осы Нұсқаулық “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және “Жасыл даму” акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекеттерін анықтайды. Сонымен қатар, Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық жағдайлары туындаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді, бұл Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

2.Осы Нұсқаулық Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғалары үшін танысу және қолдануға міндетті құжат болып табылады.

3.Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең төменгі қажетті шарттар болып табылады және нақты жағдайларға байланысты толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

2. Терминдер мен ұғымдар

4. Осы Нұсқаулықта төмендегідей терминдер мен ұғымдар қолданылады:

1)Пара – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның, оған теңестірілген тұлғаның, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаның немесе лауазымды тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның мүддесін қорғайтын тұлғалардың пайдасына әрекет (әрекетсіздік) жасағаны үшін өзіне немесе басқа тұлғаларға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда алуы. Егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның немесе оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, не ол лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекетке (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, сондай-ақ жалпы қамқорлық немесе ымыраластық жасағаны үшін берілетін материалдық игіліктер.

2)Пара талап ету – тұлғаның пара берушінің немесе ол ұсынған тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекеттерді жасау қатерімен пара талап етуі, не осындай жағдайларды қасақана тудыруы, соның нәтижесінде пара беруші құқықпен қорғалатын мүдделерге төнетін зиянды болдырмау үшін пара беруге мәжбүр болуы.

3)Лауазымды тұлға – Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын тұлға.

4)Коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғаға ақша, бағалы қағаздар немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сондай-ақ оның қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, не сатып алуды жүзеге асыратын тұлғаның мүддесі үшін қызмет бабында жалпы қамқорлық немесе ымыраластық жасағаны үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

5)Мүдделер қақтығысы – қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, бұл ретте қызметкердің жеке мүдделері оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін.

6)Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздері немесе делдалдар арқылы өзі немесе үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе оларды қамтамасыз ету мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін заңсыз пайдалануы, сондай-ақ игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы аталған тұлғаларды сатып алу әрекеті.

7)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және

жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу және олардың салдарын жою бойынша жүргізілетін қызмет.

3. Пара алу және пара беру

5.Қазақстан Республикасында пара алу және пара беру әрекеттері заңға қайшы келеді және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің әсеріне жатады.

6.Пара алу және пара беру – бір қылмыстық модельдің екі жағы, бір жағынан пара алатын (пара алушы) және екінші жағынан оны беретін (пара беруші).

7.Пара алу деп лауазымды тұлғаның немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайданы өзі немесе басқа тұлғалар үшін пара берушінің немесе ол ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алуы түсініледі. Егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) осы тұлғаның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, немесе ол лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса. Пара алу – қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі және оны бопсалау, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, ірі мөлшерде, бірнеше рет жасаған жағдайда ауырлататын мән-жайлармен сараланады. Пара беру – лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға көндіруге, немесе берушінің пайдасына қандай да бір артықшылықтарды беруге, алуға бағытталған қылмыс, оның ішінде жалпы қамқорлық немесе қызмет бойынша ымыраластық үшін. Параның заттары мыналар болуы мүмкін:

1)заттар, ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, қымбат металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, азық-түліктер, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар мен жылжымалы мүлік, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

2)пайда: емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығындарды өтеу ақысыз немесе төмендетілген құнмен;

3)параның бүркемеленген түрі – банктік қарызға ақша беру немесе жоқ борышты өтеу түрінде, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, қымбат бағамен тауарларды сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу арқылы жалған еңбек шарттарын жасау, жеңілдікті несие алу, дәрістерге, мақалаларға және кітаптарға арналған қаламақыны көбейту, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені көбейту және т.б.

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар және өзге де міндеттемелер туралы шектеулерді, тыйымдарды және талаптарды сақтау маңызды.

Кейбір сөздер мен сөз тіркестерін айналадағылар пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдауы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Ұйымдар мен азаматтардың өкілдерімен белгілі бір тақырыптарды талқылау, әсіресе олардың пайдасы лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай тақырыптарға мысалы, мыналар жатады:

1)жалақының төмен деңгейі және қандай да бір қажеттіліктерді жүзеге асыруға ақша қаражатының жетіспеушілігі;

2)қандай да бір мүлікті сатып алу, қандай да бір қызметті алу, туристік сапарға бару ниеті;

3)лауазымды тұлғаның туыстарының жұмысының жоқтығы;

4)лауазымды тұлғаның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі;

5)қайырымдылық қорын, нақты спорт командасын және т.б. қолдау ұсыныстары.

Лауазымды тұлғадан шыққан белгілі бір ұсыныстар, әсіресе олардың пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты ұйымдар мен азаматтардың өкілдеріне

арналған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл тіпті мұндай ұсыныстар ізгі ниетпен айтылған және лауазымды тұлғаның жеке пайдасымен ешқандай байланысы жоқ жағдайда да мүмкін. Мұндай ұсыныстарға мысалы, мыналар жатады:

- 1) лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- 2) анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- 3) нақты қайырымдылық қорына ақша салу;
- 4) нақты спорт командасын қолдау және т.б.

4. Сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық сатып алуға бағытталған ықтимал жағдайлар, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар

9. Арандатулар:

Қызмет көрсету үшін жүгінген азаматтар, бөлімшенің қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатулардың алдын алу үшін:

1) келушілер отырған қызметтік бөлмелерді және жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және т.б.) қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнынан немесе жеке заттардан қандай да бір бөгде заттарды тапқан жағдайда, ешқандай өздігінен әрекет етпей, дереу басшылыққа баяндау.

10. Пара талап ету:

1) өте сақ, сыпайы болу, жағымпазданбау, пара және/немесе коммерциялық сатып алу затын қабылдауға дайындығы немесе қабылдаудан түбегейлі бас тарту ретінде түсіндірілуі мүмкін ойсыз сөздерге жол бермеу;

2) ұсынылған шарттарды (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы мен қызметтердің сипаты, мерзімдері мен пара беру тәсілдері, коммерциялық сатып алу нысаны, мәселелерді шешу реттілігі) мұқият тыңдап, дәл есте сақтау;

3) пара және/немесе коммерциялық сатып алу затын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға тырысу және келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс жерді ұсыну;

4) әңгімеде бастаманы өз қолыңызға алмаңыз, көбірек «қабылдауға жұмыс істеңіз», сұхбаттасушыға «сөйлеуге», Сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беруге мүмкіндік беріңіз;

5) пара беруге немесе коммерциялық сатып алуды жасауға келіскен жағдайда, Сіздің мәселенізді шешу кепілдіктері туралы сұраңыз;

6) Сізде дыбыс жазғыш болған жағдайда, пара және/немесе коммерциялық сатып алу заты туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысыңыз;

7) бұл факті туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндау;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call орталығына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша хабарламамен немесе ауызша хабарламамен жүгіну.

11. Мүдделер қақтығысы:

1) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мұқият қарау;

2) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

3) тікелей басшымен келісім бойынша туындаған мүдделер қақтығысын еңсеру бойынша шаралар қабылдау;

4) мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін және/немесе оның мүдделер қақтығысының туындау себебі болған пайдадан бас тартуына дейін өзгерту;

5) қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі жұмыс тобын құру.

5. Егер Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдасаңыз, Сіздің әрекеттеріңіз

12.Өз қалауыңыз бойынша, сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз.

13.Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі - жасырын өтініш. Бұл жағдайда өтініш беруші жасырын болғандықтан жауап алуға үміт ете алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініш, егер онда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болмаса, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

14.Егер пара талап етілсе, сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгініп, сізден пара талап ету немесе коммерциялық сатып алу фактісі туралы арыз жазуыңыз керек, онда:

1)лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) сізден пара талап етеді немесе коммерциялық құрылымдардың өкілдерінің қайсысы сізді сатып алуға итермелейді;

2)талап етілетін параның (сатып алудың) сомасы мен сипаты қандай;

3)сізден қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара талап етіледі немесе коммерциялық сатып алу жасалады;

4)параны тікелей беру немесе коммерциялық сатып алу қашан, қай жерде және қалай жүзеге асырылуы керек екендігін нақты көрсетуіңіз керек.

6. Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлардағы іс-қимыл алгоритмі

15.Қоғам қызметкерлері пара беруге итермелеу немесе өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа бейімдеу әрекеттерінен сақтану үшін қызметтік мінез-құлықтың жалпы қағидаларын, лауазымдық нұсқаулықты ұстануы, сондай-ақ белгілі бір әрекеттерді орындауы тиіс.

16.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын немесе сыбайлас жемқорлық сипатының белгілері бар жағдайларды анықтаған немесе кездестірген кезде Қоғам қызметкерлері Қоғам басшылығына хабарлау және Қоғамның Комплаенс қызметіне хабарлау шараларын қабылдауы тиіс. Бұл ретте Қоғам қызметкерлері мүмкіндігінше өз дәлелдері бойынша дәлелдемелік базаны (куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және видео материалдар және т.б.) ұсынады және оны сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға, Қоғам басшылығына және Комплаенс қызметіне береді.

7.Бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

17.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында бағыныштылары өз функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты, коммерциялық сатып алуды және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген басшылардың дербес жауапкершілігін көздейтін норма қарастырылған.

18.Қоғам қызметкері өз функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау фактілері бойынша қылмыстық қудалауға тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, бұл Қоғам қызметкері сотқа дейінгі тергеу жүргізу кезеңінде өз лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетіледі. Бұл қызметкердің тікелей басшысы қызметкерді өз лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттету бойынша тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

19.Тікелей бағыныстылық штаттық кесте, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және лауазымдық нұсқаулықтар негізінде айқындалады.

20.Бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшыға тәртіптік жауапкершілік Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктеледі.

8.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау

21.Дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және сыбайлас жемқорлық сипатының белгілері бар жағдайларды (іскерлік мінез-құлық, алаяқтық, бухгалтерлік есеп немесе аудит, сатып алулар, қызмет бойынша ымыраластық және қамқорлық фактілері және т.б.) анықтаған және/немесе кездестірген Қоғам қызметкері бұл туралы Қоғамның Комплаенс қызметінің басшысына және Қоғам Басқармасының төрағасына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға мүмкіндігінше өз дәлелдері бойынша дәлелдемелік базаны (құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және видео материалдар және т.б.) ұсына отырып, жазбаша нысанда хабарлауы тиіс.

22.Қызметкерлер Қоғамның ресми интернет-ресурсында көзделген және жарияланған ақпараттандыру арналары арқылы жүгіне отырып, сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлайды (телефон нөмірі бойынша: +7 (7172) , электрондық поштаға: compliance@recycle.kz) және/немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның Call-орталығы - «1424».

23.Алынған мәліметтердің құпиялылығын Қоғам Басқармасының төрағасы мен Қоғамның Комплаенс қызметі қамтамасыз етеді.

24.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін тұлға туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

25.Қоғам басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған, оны осы бұзушылықтарды жасауға көндірген қызметкерді оның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектейтін қудалаудан қорғау бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

26.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған Қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылуға жатады.

27.Қоғамның Комплаенс қызметі ақпарат алынған күннен бастап бір ай мерзімде қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, оны осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы өтініші бойынша шаралар қабылдауға міндетті, оның ішінде қызметтік тексерулерді ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштерді жіберу арқылы.

28.Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар хабарламалар уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу жіберілуге жатады.

9.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен көмек көрсеткен тұлғаларды көтермелеу

29.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін Қоғам қызметкері мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

30.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін тұлғаларды көтермелеу қағидаларына» сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін тұлғалар үшін біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеулер мынадай мөлшерде белгіленеді:

1)сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;

2)ауырлығы шағын сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;

3)ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;

4)ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;

5)аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК;

6)параның немесе залалдың сомасы мың АЕК-тен асатын сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша біржолғы ақшалай сыйақы параның немесе келтірілген залалдың немесе ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің сомасының 10%-ын құрайды, бірақ төрт мың АЕК-тен аспайды.

31.Егер Қоғам қызметкері ұсынған ақпарат шындыққа сәйкес келсе, немесе қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсеткен өзге де жәрдемі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге әсер етсе және кінәлі тұлғаға қатысты:

1)әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енсе;

2)айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

3)прокурордың қылмыстық істі тоқтату туралы қылмыстық қудалау органының қаулысы бекітілсе, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы сот қаулысы заңды күшіне енсе көтермелеу жүзеге асырылады.

32.Көрінеу жалған ақпарат хабарлаған тұлғаларға көтермелеу қолданылмайды және олар жауапкершілікке тартылуға жатады (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 439-бабына сәйкес – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлау – ескертуге немесе жеке тұлғаларға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады»).

10. Қорытынды ережелер

33.Қоғам қызметкерінің айналадағылар пара беруге уәде ретінде немесе пара беру туралы ұсыныс ретінде немесе пара алуға келісім ретінде немесе пара беру туралы өтініш ретінде қабылдауы мүмкін мінез-құлқы оның объективтілігі мен адалдығына күмән келтіріп, тұтастай алғанда Қоғамның беделіне нұқсан келтіретіндіктен, қабылданбайды.

34.Егер Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қоғам Жарғысының, Қоғамның жалғыз акционерінің немесе Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерінің өзгеруі нәтижесінде осы Нұсқаулықтың жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Нұсқаулықтың аталған нормалары күшін жояды және Нұсқаулыққа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғам Жарғысын басшылыққа алу қажет.

35.Осы Нұсқаулықтың жекелеген нормаларының жарамсыздығы басқа нормалардың және тұтастай алғанда Нұсқаулықтың жарамсыздығына әкеп соқпайды.

36.Нұсқаулыққа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу мәселелерін реттейтін, Басқарма шешімімен бекітілген Қоғамның ішкі актілерін әзірлеу, келісу, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, бекіту, мониторингілеу мәселелерін регламенттейтін ішкі актіде белгіленген тәртіппен енгізіледі.

37.Нұсқаулыққа өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

38.Нұсқаулық Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.